

"2016 - 2018 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 8 желтоқсандағы № 972 қаулысы.

2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі!

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2016 – 2018 жылдарға арналған республикалық бюджет, оның ішінде 2016 жылға мынадай:

1) кірістер – 7 648 362 885 мың теңге, оның ішінде мыналар бойынша:

салықтық түсімдер – 3 918 018 771 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 272 651 673 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 9 504 814 мың теңге;

трансферттер түсімдері – 3 448 187 627 мың теңге;

2) шығындар – 8 045 742 230 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 223 163 225 мың теңге, оның ішінде:

бюджеттік кредиттер – 315 031 873 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 91 868 648 мың теңге;

4) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо – 282 143 545 мың теңге, оның ішінде:

қаржы активтерін сатып алу – 285 913 545 мың теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 3 770 000 мың теңге;

5) тапшылық – -902 686 115 мың теңге немесе елдің жалпы ішкі өніміне қатысты 2 пайыз;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру – 902 686 115 мың теңге көлемінде атқаруға қабылдансын.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 08.10.2016 № 579 (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Мыналар:

1) осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес республикалық бюджеттен қаржыландырылатын басым республикалық бюджеттік инвестициялар тізбесі;

2) осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес республикалық бюджеттің жобасына кейінге қалдыру шартымен енгізілген, өте маңызды және жедел іске асыруды талап ететін міндеттерді іске асыруға бағытталған басым республикалық бюджеттік инвестициялардың тізбесі;

3) осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Ішкі істер және Қорғаныс министрліктерінің басым республикалық бюджеттік инвестицияларының тізбесі (қызмет бабында пайдалану үшін);

4) осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге дағдарыстық жағдай қаупі төнген және туындаған кезде іс-қимылдар бойынша оқу-жаттығулар жүргізуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу;

4-1) осы қаулыға 4-1-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне ішкі істер органдарының әкімшілік полиция қызметкерлерін оқытуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу;

5) осы қаулыға 5-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жергілікті атқарушы органдардың агроөнеркәсіптік кешен бөлімшелерін ұстауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу;

6) осы қаулыға 6-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне қайта өңдеуші кәсіпорындардың ауылшаруашылық өнімін тереңдете қайта өңдеп өнімдер өндіруі үшін оны сатып алу шығындарын субсидиялауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу;

7) осы қаулыға 7-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын кепілдендіру және сақтандыру шеңберінде субсидиялауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу;

8) осы қаулыға 8-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне агроөнеркәсіптік кешен саласындағы дайындаушы ұйымдарға есептелген қосылған құн салығы шегінде бюджетке төленген қосылған құн салығының сомасын субсидиялауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу;

8-1) осы қаулыға 8-1-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне мал шаруашылығы өнімдерінің өнімділігін және сапасын арттыруды, асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды субсидиялауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу;

9) осы қаулыға 9-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу;

9-1) осы қаулыға 9-1-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін қаржылық сауықтыру жөніндегі бағыт шеңберінде кредиттік және лизингтік міндеттемелер бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу;

9-2) осы қаулыға 9-2-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне ауыл шаруашылығы малын, техниканы және технологиялық жабдықты сатып алуға кредит беру, сондай-ақ лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемесін субсидиялауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің соммаларын бөлу;

9-3) осы қаулыға 9-3-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне экономикалық орнықтылықты қамтамасыз етуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу;

9-4) осы қаулыға 9-4-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жергілікті бюджеттердің шығындарын өтеуді қамтамасыз етуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу;

10) осы қаулыға 10-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне мемлекеттік әкімшілік қызметшілер еңбекақысының деңгейін арттыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу;

11) осы қаулыға 11-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімдерінің штат санын ұстауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу;

12) осы қаулыға 12-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу;

12-1) осы қаулыға 12-1-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне цифрлық білім беру инфрақұрылымын құруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу;

13) осы қаулыға 13-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне орта білім беру ұйымдарын жан басына шаққандағы қаржыландыруды сынақтан өткізуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу;

14) осы қаулыға 14-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында мамандарды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын ұлғайтуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу;

15) осы қаулыға 15-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында білім алушылардың стипендияларының мөлшерін ұлғайтуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу;

16) осы қаулыға 16-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік білім беру

тапсырысы негізінде техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі медициналық білім беру ұйымдарында білім алушылардың стипендияларының мөлшерін ұлғайтуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу;

17) осы қаулыға 17-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне "Өрлеу" жобасы бойынша шартты ақшалай көмекті енгізуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу;

18) осы қаулыға 18-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне онкологиялық науқастарға медициналық көмек көрсетуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу;

19) осы қаулыға 19-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне аудандық маңызы бар және ауылдың денсаулық сақтау субъектілерінің халыққа медициналық көмек көрсетуіне және амбулаториялық-емханалық көмек көрсетуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу;

20) осы қаулыға 20-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін қамтамасыз етуге және кеңейтуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу;

21) осы қаулыға 21-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне дәрілік заттарды, вакциналарды және басқа да иммундық-биологиялық препараттарды сатып алуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу;

22) осы қаулыға 22-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын азаматтық қызметшілерге еңбекақы төлеу жүйесінің жаңа моделіне көшуге, сонымен қатар оларға лауазымдық айлықақыларына ерекше еңбек жағдайлары үшін ай сайынғы үстемеақы төлеуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу;

23) осы қаулыға 23-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттарын енгізуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу;

24) осы қаулыға 24-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне кохлеарлық импланттарға сөйлеу процессорларын ауыстыру және теңшеу жөніндегі көрсетілетін қызметтерге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу;

25) осы қаулыға 25-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне үкіметтік емес ұйымдарда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу;

26) осы қаулыға 26-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012 – 2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу;

27) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 08.10.2016 № 579 (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

28) осы қаулыға 28-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге елді мекендерді шаруашылық-ауызсумен жабдықтау үшін жерасты суларын іздестіру-барлау жұмыстарын ұйымдастыруға және жүргізуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу;

29) осы қаулыға 29-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге көлік инфрақұрылымының басым жобаларын қаржыландыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу;

29-1) осы қаулыға 29-1-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жергілікті атқарушы органдардың тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық объектілерінің қауіпті техникалық құрылғыларының қауіпсіз пайдаланылуын бақылауды жүзеге асыратын штат санын ұстауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу;

29-2) осы қаулыға 29-2-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу;

30) осы қаулыға 30-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне профилактикалық дезинсекция мен дератизация жүргізуге (инфекциялық және паразиттік аурулардың табиғи ошақтарының аумағындағы, сондай-ақ инфекциялық және паразиттік аурулардың ошақтарындағы дезинсекция мен дератизацияны қоспағанда) берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу;

31) осы қаулыға 31-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау жөніндегі уәкілетті органның штат санын ұстауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу;

32) осы қаулыға 32-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне сәулет, қала құрылысы, құрылыс және мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы істері жөніндегі жергілікті атқарушы органдардың штат санын ұстауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу;

33) осы қаулыға 33-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге ауызсумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын сумен жабдықтаудың аса маңызды

топтық және оқшау жүйелерінен ауызсу беру жөнінде көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу;

34) осы қаулыға 34-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне өңірлерде жеке кәсіпкерлікті қолдауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу;

35) осы қаулыға 35-қосымшаға сәйкес мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін жергілікті атқарушы органдарға берілетін бюджеттік кредиттердің сомаларын бөлу;

36) осы қаулыға 36-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі резервінің сомаларын бөлу;

37) осы қаулыға 37-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерден республикалық бюджетке шығыстарды беруге байланысты трансферттер түсімдерінің сомаларын бөлу бекітілсін.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 10.03.2016 № 134 (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 08.10.2016 № 579 (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

3. 2016 жылға арналған республикалық бюджетте Жұмыспен қамту 2020 жол картасының шеңберінде іс-шараларды іске асыруға көзделген қаражаттан 69963757 мың теңге мөлшеріндегі сома:

1) мынадай іс-шараларды қаржыландыру үшін 12355648 мың теңге сомасында облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне ағымдағы нысаналы трансферттерді аудару үшін:

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігіне кадрларды кәсіптік даярлауға 53500 мың теңге;

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігіне 12302148 мың теңге, оның ішінде:

жалақыны ішінара субсидиялауға – 2176069 мың теңге;

кәсіпкерлік негіздеріне оқытуға – 139045 мың теңге;

көшуге субсидиялар беруге – 365329 мың теңге;

кадрларды кәсіптік даярлауға, қайта даярлауға және олардың біліктілігін арттыруға – 1047918 мың теңге;

жалдамалы қызметкерлерді, оның ішінде 18 – 24 жас аралығындағы жастарды қайта даярлауға және олардың біліктілігін арттыруға – 375707 мың теңге;

білікті қызметкерлерді қайта даярлауға және олардың біліктілігін арттыруға жұмыс берушілерге мемлекеттік гранттар ұсынуға – 134060 мың теңге;

55 – 64 жас аралығындағы адамдарды қайта даярлауға және олардың біліктілігін арттыруға – 192598 мың теңге;

жастар практикасына – 2661740 мың теңге;

білікті қызметкерлердің жоғалтқан табысының үштен екі бөлігін уақытша субсидиялауға – 229098 мың теңге;

халықты жұмыспен қамту орталықтарының қызметін қамтамасыз етуге – 4899636 мың теңге;

ақпараттық жұмысқа – 80948 мың теңге;

2) мынадай іс-шараларды қаржыландыру үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігіне 3609764 мың теңге сомасында облыстық бюджеттерге берілетін нысаналы трансферттерді аудару үшін:

қызметтік тұрғын үй мен инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды салуға және (немесе) сатып алуға – 277988 мың теңге;

еңбекші жастар үшін жатақханалар мен инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды салуға және (немесе) реконструкциялауға, сатып алуға – 3179479 мың теңге;

Ақмола облысының Калачи және Красногорский елді мекендерінің тұрғындарын көшіру үшін тұрғын үй және инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды салуға және (немесе) реконструкциялауға – 152297 мың теңге;

3) мынадай іс-шараларды қаржыландыру үшін инфрақұрылымды және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты дамыту есебінен жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуге Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігіне 53811217 мың теңге сомасында облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне берілетін нысаналы трансферттерді аудару үшін:

тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, инженерлік-көліктік инфрақұрылым объектілерін, әлеуметтік-мәдени объектілерді жөндеуге және елді мекендерді абаттандыруға – 51537726 мың теңге;

ауылдық елді мекендерде орналасқан дәрігерлік амбулаториялар мен фельдшерлік-акушерлік пункттер салуға – 2273491 мың теңге;

4) Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігіне халықты жұмыспен қамту бойынша іс-шараларды іске асыруға 187128 мың теңге сомасында, оның ішінде:

ақпараттық сүйемелдеуге және ақпараттық жұмысты қамтамасыз етуге – 53800 мың теңге;

"Жұмыспен қамту 2020 жол картасы" бағдарламасын іске асыруды ақпараттық-әдіснамалық сүйемелдеуге – 133328 мың теңге бөлінсін.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 13.12.2016 № 793 (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

4. Мыналар:

1) осы қаулыға 38-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне Жұмыспен қамту 2020 жол картасы шеңберінде

іс-шараларды іске асыруға берілетін осы қаулының 3-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген ағымдағы нысаналы трансферттердің;

2) осы қаулыға 39-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге Жұмыспен қамту 2020 жол картасы шеңберінде іс-шараларды іске асыруға берілетін осы қаулының 3-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген нысаналы трансферттердің;

3) осы қаулыға 40-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне Жұмыспен қамту 2020 жол картасы шеңберінде инфрақұрылымды және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты дамыту арқылы жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуге берілетін осы қаулының 3-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген нысаналы трансферттердің;

4) осы қаулыға 41-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге моноқалаларда, кіші қалаларда және ауылдық елді мекендерде кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесуге кредит берудің сомаларын бөлу бекітілсін.

5. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 10.03.2016 № 134 (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

6. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 10.03.2016 № 134 (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

7. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 10.03.2016 № 134 (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

8. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі:

1) 2016 жылғы 1 сәуірге дейінгі мерзімде:

2016 жылға арналған орта білім беру ұйымдарының 10-11-сыныптарында жан басына шаққандағы қаржыландыруды сынақтан өткізуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттерді облыстық бюджеттердің, Астана және Алматы қалаларының бюджеттерінің пайдалану тәртібі туралы;

2) 2016 жылғы 1 тамызға дейінгі мерзімде:

орта білім беру ұйымдарының 1-11-сыныптарында жан басына шаққандағы қаржыландыруды сынақтан өткізуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттерді облыстық бюджеттердің, Астана және Алматы қалаларының бюджеттерінің пайдалану тәртібі туралы шешімдердің жобаларын әзірлесін және заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізісін.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 10.03.2016 № 134 (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

8-1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі 2016 жылғы 20 наурызға дейінгі мерзімде бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бойынша ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілерін базалық қаржыландыруды заңнамада белгіленген тәртіппен бөлсін.

Ескерту. Қаулы 8-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 10.03.2016 № 134 (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

9. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі:

1) 2016 жылғы 10 ақпанға дейінгі мерзімде облыстық бюджеттердің, Астана және Алматы қалалары бюджеттерінің осы қаулының 2-тармағының 16), 17), 18), 19), 20), 21), 24) және 26) тармақшаларында көрсетілген ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану тәртібі туралы;

2) 2016 жылғы 15 ақпанға дейінгі мерзімде облыстық бюджеттерге Жұмыспен қамту 2020 жол картасы шеңберінде ауылда кәсіпкерліктің дамуына жәрдемдесуге 2016 жылға арналған кредит беру шарттары туралы шешімдердің жобаларын әзірлесін және заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізісін.

10. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі 2016 жылғы 31 наурызға дейінгі мерзімде жалдамалы тұрғын үй құрылысына кейіннен "Қазақстандық ипотекалық компания" ипотекалық ұйымы" акционерлік қоғамына кредит бере отырып, "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамына кредит беру қаражатын пайдалану тәртібі туралы шешімнің жобасын әзірлесін және заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізісін.

10-1. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Ұлттық экономика және Қаржы министрліктерімен келісім бойынша 2016 жылғы 1 мамырға дейінгі мерзімде "Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" акционерлік қоғамының тұрғын үй құрылыс жинақтары бойынша өтемақы төлеу қағидаларын бекітсін.

Ескерту. Қаулы 10-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 10.03.2016 № 134 (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 28.04.2016 № 250 қаулыларымен.

11. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі:

1) 2016 жылғы 10 ақпанға дейінгі мерзімде:

облыстық бюджеттердің, Астана және Алматы қалалары бюджеттерінің осы қаулының 2-тармағының 30) тармақшасында көрсетілген ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану тәртібі туралы;

2) 2016 жылғы 31 наурызға дейінгі мерзімде:

облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде тұрғын үй жобалауға және (немесе) салуға кредит беру шарттары туралы;

облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жылу, сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін реконструкция және құрылыс үшін кредит беруге Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан нысаналы трансфертті бөлу туралы;

3) 2016 жылғы 1 мамырға дейінгі мерзімде:

облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалауға, дамытуға және (немесе)

жайластыруға Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансфертті бөлу туралы шешімдердің жобаларын әзірлесін және заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізісін.

Ескерту. 11-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 10.03.2016 № 134 (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

11-1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) 2013 – 2015 жылдары жасалған кредиттер, сондай-ақ технологиялық жабдықтың және ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау шарттарын және агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін қаржылық сауықтыру үшін кредиттік және лизингтік міндеттемелер бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялау шарттарын бұзу жөнінде;

2) осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген расталған шарттардың көшірмесін және тиісті шарттар жасалмаған Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 9 сәуірдегі № 9-1/320 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік-құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10763 тіркелген) Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін қаржылық сауықтыру жөніндегі бағыт шеңберінде кредиттік және лизингтік міндеттемелер бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялау қағидаларына сәйкес құрылған қаржылық сауықтыру жөніндегі комиссияның хаттамалық шешімдерін облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдарына беру бойынша шаралар қабылдасын.

Ескерту. Қаулы 11-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 10.03.2016 № 134 (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

11-2. Облыстардың және Астана, Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдары шарттың көшірмелерін және хаттамалық шешімдерді қабылдаған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде осы қаулының 11-1-тармағында көрсетілген, бұрын жасалған шарттарда көзделген талаптар мен міндеттемелерде екінші деңгейдегі банктермен, жеке банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдармен, кредиттік серіктестіктермен, "ҚазАгро" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамымен, лизингтік компаниялармен тиісті шарттар жасасу бойынша шаралар қабылдасын.

Ескерту. Қаулы 11-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 10.03.2016 № 134 (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

12. Осы қаулыға 42-қосымшаға сәйкес 2016 жылға арналған мемлекеттік тапсырмалардың тізбесі бекітілсін.

13. Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері, жергілікті атқарушы органдар Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігімен бірлесіп, Қазақстан Республикасының

Ұлттық қорынан нысаналы трансферт есебінен бөлінген шығыстарды қоса алғанда, республикалық бюджеттен бөлінген қаражаттың нысаналы және тиімді пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етсін.

14. Орталық атқарушы органдар Қазақстан Республикасы Үкіметінің бұрын қабылданған шешімдерін осы қаулыға сәйкес келтіру туралы ұсыныстарын 2016 жылғы 1 наурызға дейінгі мерзімде Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізісін.

15. Осы қаулы 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н
Премьер-Министрі К. Мәсімов

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2015 жылғы 8 желтоқсандағы
№ 972 қаулысына
1-қосымша

Басым республикалық бюджеттік инвестициялар тізбесі

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 08.10.2016 № 579 (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 06.12.2016 № 773; 15.12.2016 № 819 (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 20.12.2016 № 825 (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 21.12.2016 № 833 (01.01.2016 бастап қолданысқа); 27.12.2016 № 865 (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 29.12.2016 № 903 (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

Функционалдық топ		Атауы	Сомасы, мың теңге		
			2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл
Әкімші	Бағдарлама	К і ш і бағдарлама	3	4	5
1	2	3	4	5	
		Барлығы:	1 331 250 882	253 246 540	208 529 767
		I. Республикалық бюджеттік инвестициялық жобалар	248 690 367	50 166 443	28 626 200
1		Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	2 229 182	2 347 277	610 030
	204	Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі	857 792		
	010	Шетелде Қазақстан Республикасының мүдделерін білдіру	857 792		
		101 Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдіктерін орналастыру үшін шетелде жылжымайтын мүлік объектілерін салу	857 792		
		<i>оның ішінде инвестициялық жобалар:</i>			
		Өзгелер	857 792		

		Қазақстан Республикасының Өзбекстан Республикасындағы Елшілігінің әкімшілік ғимаратын салу	857 792		
217		Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі	579 467		
	072	Салық әкімшілігі жүйесін реформалау	579 467		
	004	Сыртқы қарыздар есебінен	556 609		
		<i>оның ішінде инвестициялық жобалар:</i>			
		Өзгелер	556 609		
		Салық әкімшілігі жүйесін реформалау	556 609		
	016	Республикалық бюджеттен сыртқы қарыздарды бірлесіп қаржыландыру есебінен	22 858		
		<i>оның ішінде инвестициялық жобалар:</i>			
		Өзгелер	22 858		
		Салық әкімшілігі жүйесін реформалау	22 858		
242		Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі		2 347 277	610 030
	002	Авариялар мен апаттар кезінде шұғыл шақыру ақпараттық жүйесін құру		2 347 277	610 030
		<i>оның ішінде инвестициялық жобалар:</i>			
		Өзгелер		2 347 277	610 030
		Авариялар мен апаттар кезінде шұғыл шақыру ақпараттық жүйесін құру		2 347 277	610 030
247		Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі	791 923		
	002	Авариялар мен апаттар кезінде шұғыл шақыру ақпараттық жүйесін құру	791 923		
		<i>оның ішінде инвестициялық жобалар:</i>			
		Өзгелер	791 923		
		Авариялар мен апаттар кезінде шұғыл шақыру ақпараттық жүйесін құру	791 923		
2		Қорғаныс	17 745 856	12 805 179	17 562 865
201		Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі	8 200 747	11 135 217	15 530 264
	060	Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою саласындағы қызметті ұйымдастыру	8 200 747	11 135 217	15 530 264
	103	Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардан қорғау объектілерін салу және реконструкциялау	8 200 747	9 649 258	15 530 264
		<i>оның ішінде инвестициялық жобалар:</i>			
		Ақмола облысы	5 263 049	5 000 000	10 169 743
		Қызмет бабында пайдалану үшін	5 061 890	5 000 000	10 169 743
		Ақмола облысы Көкшетау қаласы "Көктем" шағын ауданының солтүстігіне қарай (қалыпты геологиялық	201 159		

		жағдайларымен ІВ, ІІА климатты аудандары үшін ІІ үлгідегі) 6 автокөлігіне өрт сөндіру депосының кешенін салу			
		Алматы облысы	1 841 107	4 649 258	5 360 521
		Шекара маңы ынтымақтастығының халықаралық орталығы (ШЫХО) ауданында Қорғас өзенінде қорғаныс ғимаратының және "Қорғас" кедені ғимаратының құрылысын салу	1 751 107	4 649 258	5 360 521
		"Қорғас" ШЫХО "Қорғас-Шығыс қақпасы" ШСЭА, Басқыншы, Қорғас кенттері мен Алматы облысының Панфилов ауданындағы шекара бекеті учаскелеріндегі Қорғас өзені бойынша арна қалыптастырғыш және қорғаныш құрылыстары"	90 000		
		Қызылорда облысы	250 000		
		Қызылорда облысы Арал қаласында 6 автокөлікке арналған өрт сөндіру депосының кешені	250 000		
		Астана қаласы	846 591		
		Астана қ. жобалық атауы Е 357 және 227 көшелерінің қиылыстарындағы "Геологиялық жағдайлары әдеттегі ІВ, ІІА климаттық шағын аудандар үшін ІІ үлгідегі 6 автомобильге арналған өрт сөндіру депосының кешенін" салу	845 338		
		"Астана қ. Орталық аэромобильді өңірлік жедел-құтқару жасағы" мемлекеттік мекемесі үшін ғимараттар мен құрылыстар салуға" жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу	1 253		
	105	Төтенше жағдайлардың алдын алу және жою саласындағы ақпараттық жүйелерді құру және дамыту		1 485 959	
		<i>оның ішінде инвестициялық жобалар:</i>			
		Өзгелер		1 485 959	
		ТЖ және АҚ корпоративтік ақпараттық-коммуникациялық жүйесін құру		1 485 959	
208		Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі	9 545 109	1 669 962	2 032 601
	047	Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жауынгерлік, жұмылдыру дайындығын қамтамасыз ету	9 545 109	1 669 962	2 032 601
	104	Қарулы Күштердің объектілерін салу	9 151 573	1 469 962	1 832 601
		<i>оның ішінде инвестициялық жобалар:</i>			
		Өзгелер	9 151 573	1 469 962	1 832 601
		Қызмет бабында пайдалану үшін	9 151 573	1 469 962	1 832 601
	107	Қарулы Күштердің автоматтандырылған басқару жүйесін құру	393 536	200 000	200 000
		<i>оның ішінде инвестициялық жобалар:</i>			
		Өзгелер	393 536	200 000	200 000

		Қарулы Күштердің автоматтандырылған басқару жүйесін құру	393 536	200 000	200 000
3		Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	9 588 895	10 109 820	2 280 000
	201	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі	1 683 654	2 280 000	2 280 000
	076	Қоғамдық тәртіпті сақтау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету	800 371	2 280 000	2 280 000
	106	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ақпараттық жүйелерін дамыту	18 324		
		<i>оның ішінде инвестициялық жобалар:</i>			
		Өзгелер	18 324		
		Қазақстан Республикасы ПМ Көші-қон полициясы комитетінің ақпараттық жүйесін құру	18 324		
	107	Қазақстан Республикасының шағын қалаларын жедел басқару орталықтарының бағдарламалық-ақпараттық кешендерін құру		2 280 000	2 280 000
		<i>оның ішінде инвестициялық жобалар:</i>			
		Өзгелер		2 280 000	2 280 000
		Қазақстан Республикасының шағын қалаларында жедел басқару орталықтарын құру		2 280 000	2 280 000
	110	Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік және қылмыстық-атқару жүйесі объектілерін салу, реконструкциялау	782 047		
		<i>оның ішінде инвестициялық жобалар:</i>			
		Астана қаласы	782 047		
		Астана қаласында ҚР ПМ Ішкі Әскерлердің 3656 әскери бөлімінің объектілерін (кешендерін) салу және құру (әуе эскадрильясы)	4 909		
		Астана қаласының әуежайында желілік полиция бөлімінің әкімшілік ғимараты	777 138		
	077	Қылмыстық-атқару жүйесінің қызметін ұйымдастыру	570 033		
	102	Қылмыстық - атқару жүйесінің объектілерін салу, реконструкциялау	570 033		
		<i>оның ішінде инвестициялық жобалар:</i>			
		Алматы облысы	565 137		
		Заречный кентінде қатаң режиміндегі ИК-не ауыстырып ЛА-155/12 мекемесін салу және қайта жаңарту	565 137		
		Батыс Қазақстан облысы	4 896		
		БҚО Орал қаласындағы РУ-170/3 мекемесін 900 орындық қатаң режимді түзеу колониясы етіп қайта құру	4 896		
	078	Ішкі істер органдарының жедел-ізвестіру қызметтерін жүзеге асыру	313 250		
	101	Қызметтік ғимараттар кешенін салу	313 250		
		<i>оның ішінде инвестициялық жобалар:</i>			
		Өзгелер	313 250		

		ҚР ІІМ қызметтік ғимараттарының кешенін салу	313 250		
410		Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті	2 512 195	2 222 010	
	002	Ұлттық қауіпсіздік жүйесін дамыту бағдарламасы	2 512 195	2 222 010	
		<i>оның ішінде инвестициялық жобалар:</i>			
		Өзгелер	2 512 195	2 222 010	
		Ұлттық қауіпсіздік жүйесін дамыту бағдарламасы	2 512 195	2 222 010	
681		Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі	5 393 046	5 607 810	
	002	Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметін дамыту бағдарламасы	5 393 046	5 607 810	
		<i>оның ішінде инвестициялық жобалар:</i>			
		Өзгелер	5 393 046	5 607 810	
		Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметін дамыту бағдарламасы	5 393 046	5 607 810	
4		Білім беру	4 388 598		
201		Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі	2 585 816		
	079	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің кадрларын оқыту, біліктілігін арттыру және қайта даярлау	2 585 816		
	101	"Бүркіт" жауынгерлік және әдістемелік дайындық оқу орталығын салу	2 585 816		
		<i>оның ішінде инвестициялық жобалар:</i>			
		Алматы облысы	2 585 816		
		Алматы облысының Заречный кентінде әскери қалашығы бар арнайы мақсаттағы бөлімшелер үшін "Бүркіт" жауынгерлік және әдістемелік дайындық оқу орталығын салу	2 585 816		
225		Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі	1 309 926		
	204	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрлармен қамтамасыз ету	1 309 926		
	106	Жоғары білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	1 309 926		
		<i>оның ішінде инвестициялық жобалар:</i>			
		Ақмола облысы	246 339		
		Ақмола облысы Көкшетау қаласы Ақан-сері, 24 көшесі бойында 310 орындық жатақхана құрылысы	246 339		
		Алматы қаласы	56 657		

		Алматы қаласы, Бостандық ауданындағы Байтұрсынов көшесі, 147Б бойындағы Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ-дың жатақханасын салу	56 657		
		Астана қаласы	1 006 930		
		Астана қаласындағы С. Сейфуллин атындағы Қазақ мемлекеттік агротехникалық университетінің 592 орындық жатақханасының құрылысы	266 596		
		Астана қаласындағы Янушкевич көшесі, 6 үйде орналасқан Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 500 орындық студенттік жатақханасының құрылысы	740 334		
239		Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі	492 856		
	007	Білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	492 856		
		<i>оның ішінде инвестициялық жобалар:</i>			
		Ақтөбе облысы	342 856		
		Ақтөбе қаласындағы "М. Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті" РМҚК үшін 1000 орындық жатақхана құрылысы	342 856		
		Шығыс Қазақстан облысы	150 000		
		"Семей қаласының мемлекеттік медициналық университеті" РМҚК үшін 1000 орынға арналған жатақхана	150 000		
5		Денсаулық сақтау	13 659 536		
	239	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі	13 659 536		
	020	Денсаулық сақтау жүйесін реформалау	13 659 536		
		004 Сыртқы қарыздар есебінен	10 381 549		
		<i>оның ішінде инвестициялық жобалар:</i>			
		Өзгелер	10 381 549		
		Денсаулық сақтау жүйесін реформалау	10 381 549		
		016 Республикалық бюджеттен сыртқы қарыздарды қоса қаржыландыру есебінен	3 277 987		
		<i>оның ішінде инвестициялық жобалар:</i>			
		Өзгелер	3 277 987		
		Денсаулық сақтау жүйесін реформалау	3 277 987		
8		Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	1 503 384	100 000	100 000
	240	Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі	767 838	100 000	100 000
	036	Жоғары жетістіктер спортын дамыту	767 838	100 000	100 000

	101	Спорт объектілерін салу, реконструкциялау	767 838	100 000	100 000
		<i>оның ішінде инвестициялық жобалар:</i>			
		Ақмола облысы	645 847		
		Ақмола облысының Щучинск қаласындағы шаңғы спортының республикалық базасын салу (I және II кезектер)	645 847		
		Алматы облысы	121 991	50 000	50 000
		Алматы облысында республикалық олимпиадалық даярлық базасын салу	121 991	50 000	50 000
		Астана қаласы		50 000	50 000
		Астана қаласындағы көп функционалды "Олимпиадалық даярлау орталығы" спорт кешенін салу (сыртқы инженерлік желілерсіз)		50 000	50 000
694		Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы	735 546		
	015	Щучье-Бурабай курорттық аймағының инфрақұрылымын дамыту	735 546		
		<i>оның ішінде инвестициялық жобалар:</i>			
		Ақмола облысы	735 546		
		Ақмола облысы Бурабай көлінің ауданындағы туристік маршруттарды абаттандыру (велосипед жүретін және жаяу жүрушілер жолдары, қоғамдық тамақтану орындары мен жалға алу нысанымен шаңғы трассалары)	735 546		
9		Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану	1 882 547		
	241	Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі	1 882 547		
	036	Атомдық және энергетикалық жобаларды дамыту	1 882 547		
	104	Ядролық медицина және биофизика орталығын құру	822 549		
		<i>оның ішінде инвестициялық жобалар:</i>			
		Алматы қаласы	822 549		
		Ядролық медицина және биофизика орталығын құру	822 549		
	106	Қазақстандық ҚТМ токамак материалтану стендік кешенін салу	1 059 998		
		<i>оның ішінде инвестициялық жобалар:</i>			
		Шығыс Қазақстан облысы	1 059 998		
		Қазақстандық ҚТМ токамак материалтану стендік кешенін салу	1 059 998		
10		Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	14 263 778	8 030 681	8 073 305
	212	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі	14 125 601	8 030 681	8 073 305
	254	Су ресурстарын тиімді басқару	14 125 601	8 030 681	8 073 305

113	Сумен жабдықтау жүйесін, гидротехникалық құрылыстарды салу және реконструкциялау	14 125 601	8 030 681	8 073 305
	<i>оның ішінде инвестициялық жобалар:</i>			
	Ақмола облысы	1 056 610		
	Ақмола облысындағы Көкшетау топтық су құбырын қайта жаңарту, құрылыстың 2-ші кезегі	9 546 51		
	Ақмола облысы Ижевский кентінің, Шөптікөл, Вишневка стансаларының сумен жабдықтау желілерін қайта жаңарту және Ижевский магистральды су құбырын салу	72 461		
	Ақмола облысындағы Сілеті су қоймасының имараттарын суды есептеуді және таратуды автоматтандыру жүйесін енгізіп қайта жаңғырту және жаңарту	29 498		
	Шығыс Қазақстан облысы	14 413 86		
	ШҚО Үржар ауданының Егінсу өзеніндегі суқойманың ғимараттарын қайта жаңарту	480 442		
	Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданындағы "Көктоғам" және "Жаңа-Тоғам" магистральдық каналымен Тебіске өзеніндегі су торабын қайта жаңарту	335 903		
	ШҚО Үржар ауданының Келді-Мұрат өзеніндегі гидроторап бөгетін "Ақтоған" магистральдық тоғанымен қайта жаңғырту	399 795		
	ШҚО, Үржар ауданы Кусак өзеніндегі бөгеттік гидроторапты қайта жаңғырту	2 252 46		
	Жамбыл облысы	539933	840198	1500000
	Жамбыл облысы Байзақ ауданында суармалы су беруді есептеу мен реттеудің автоматтандырылған жүйесін енгізіп Талас бөгеті мен "Базарбай" магистральды каналын қайта жаңарту	539933	840198	1500000
	Батыс Қазақстан облысы	779 275		
	БҚО Қазталов ауданы Ақпәтер ауылы аумағында Орал-Көшім жүйесінен Үлкен Өзенге бассейнаралық су жіберу үшін Киров-Шежін каналын қайта құру. I кезең	7 675		
	БҚО Қазталов ауданы Ақпәтер ауылы маңындағы Үлкен Өзен өзеніне Жайық-Көшім жүйесінен суды алапаралық бұру үшін Киров-Шежін каналын қайта жаңғырту. (II-кезең)	771 600		
	Қарағанды облысы	1068269		
	Қарағанды облысы Жартас бөгенін (су тартқыш, бұру каналын) қайта жаңғырту	264 631		
	Қарағанды облысындағы Жезқазған қаласының сумен жабдықталуын ескере отырып, Эскулинск су ағызғысын салу (түзету)	803638		
	Қызылорда облысы	3 436 589	3 358 908	2 948 197
	Қызылорда облысы Жаңақорған ауданындағы Талап топтық су құбырының құрылысы		500 000	600 000

		Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы Сырдария топтық су құбырының құрылысы	1 901 489	500 000	812 939
		Қызылорда облысы Шиелі ауданында Жиделі топтық су құбырының және оған қосылу тармақтарының № 3 көтеру сорғы стансасынан (ПК282+70) Бірлестік елді мекеніне дейін құрылысы. № 5 КСС-нан Жөлек елді мекеніне дейінгі су құбыры және оған қосылу тармақтарының, бас су өткізгіш имараттары мен елді мекендердің қыстақ ішілік желілерінің құрылысы	100000	812939	734084
		Қызылорда облысындағы Қызылорда Сол жағалау магистральды каналының гидротехникалық құрылыстарын ПК272+55-тен ПК853+00 (899+00)-ге дейін қайта жаңғырту I кезек	1059570	899570	
		Қызылорда облысындағы Қызылорда сол жағалау магистралды каналының гидротехникалық имараттарын қайта жаңғырту (II-кезек)	300000	646399	801174
		Қызылорда облысы Шиелі ауданындағы Жаңақорған-Шиелі суландыру алабының каналдары мен гидротехникалық құрылыстарын қайта жаңғырту. I-кезек. Жаңа Шиелі магистралды каналының су алу мүмкіншілігін арттыру үшін Сырдария өзенінде матадан су тіреуіш құрылысын салу	75 530		
		Павлодар облысы	800000	800000	600000
		Павлодар облысының Беловод топтық су құбырын реконструкциялау	800000	800000	600000
		Солтүстік Қазақстан облысы	214073	1400000	1200000
		Солтүстік Қазақстан облысындағы сорғы жабдығының технологиялық бекіткішін (ілмекті арматурасын) реконструкциялаумен және су қабылдау тиегін тазалаумен Булаев топтық су құбырының I көтергішті сорғы станциясын жаңарту	142479		
		Солтүстік Қазақстан облысының Соколов топтық су құбырын қайта жаңарту	71594		
		Солтүстік Қазақстан облысында Преснов топтық су құбырын қайта жаңарту (құрылыстың I кезегі)		600 000	600 000
		Солтүстік Қазақстан облысында Преснов топтық су құбырын қайта жаңғырту (құрылыстың II кезегі)		800 000	600 000
		Оңтүстік Қазақстан облысы	4789466	1631575	1825108
		Оңтүстік Қазақстан облысы Шардара және Арыс аудандарындағы Қызылқұм магистральді каналын суды бөлуді және суды есептеуді автоматтандырып қайта құру (3-кезек)		657 709	
		Түркістан магистралды каналын қайта құру. ОҚО Ордабасы ауданындағы қалпына келтірілетін тік дрен ұңғымаларының есебінен суармалы жерлерді көбейту және каналға қосымша су қосу. Бөген ауыл округі	177 953		
		ОҚО Ордабасы және Түркістан аудандарындағы Түркістан магистралды каналын қайта құру (III кезек)	147 907		

			ОҚО, Мақтаарал ауданы К-30 шаруааралық каналын гидротехникалық имараттарымен, автоматтандырылған су есептегіш және су таратқыштарымен қайта құру		973 866	1 825 108
			Ташкент облысы және Сарыағаш және Қазығұрт аудандарындағы Республика аралық Үлкен Келес магистралды каналын ПК 0+00-ден ПК 957+00 дейінгі аралықта Р-1, Р-3, Р-15 таратушыларымен қайта құру (бірінші кезек)	251 014		
			ОҚО, Сырдария өзеніне құятын Арыс өзеніндегі Қараспан, Шәуілдір және Бөген су қоймасының су алғыш тораптарына автоматтандырылған су есептеу жүйелерін енгізіп, қайта құру (1-кезек)	7 995		
			"ОҚО Шардара ауданы Шардара су қоймасындағы Арнасай бөгетінің гидротехникалық имараттар кешенін қайта құру". I,II,III,IV кезектер, түзету)"	4204597		
241			Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі	138 177		
	037		Қоршаған ортаның сапасын тұрақтандыру және жақсарту	138 177		
		104	Қоршаған ортаны қорғау объектілерін салу және реконструкциялау	138 177		
			<i>оның ішінде инвестициялық жобалар:</i>			
			Ақмола облысы	138 177		
			Щучье-Бурабай курорт аймағындағы су қоймаларын (Щучье, Бурабай, Қарасу көлдері) тазарту және санациялау	138 177		
12			Көлік және коммуникация	180 068 522	16 773 486	
	242		Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі	178 859 450	16 773 486	
		003	Республикалық деңгейде автомобиль жолдарын дамыту	175 738 318	16 673 486	
		004	Сыртқы қарыздар есебінен	138 296 588	14 491 454	
			<i>оның ішінде инвестициялық жобалар:</i>			
			Өзгелер	138 296 588	14 491 454	
			"Батыс Еуропа - Батыс Қытай" халықаралық транзит дәлізін қайта жаңарту	106 565 496	14 491 454	
			"Бейнеу - Ақтау" автомобиль жолын қайта жаңарту	31 731 092		
		005	Ішкі көздер есебінен	20 432 091		
			<i>оның ішінде инвестициялық жобалар:</i>			
			Өзгелер	20 432 091		
			"Батыс Еуропа - Батыс Қытай" халықаралық транзит дәлізін қайта жаңарту, құрылысы және жобалау-іздістіру жұмыстары	5 000 000		

		"Бейнеу - Ақтау" автомобиль жолын қайта жаңарту және жобалау-іздестіру жұмыстары	1 257 600		
		"Павлодар, Семей қк. арқылы РФ шекарасы (Омбыға қарай) - Майқапшағай (ҚХР)" республикалық маңызы бар автомобиль жолдары бойынша қайта жаңарту және жобалау-іздестіру жұмыстары	6 150		
		"РФ шекарасы (Екатеринбургке қарай) - Алматы" автомобиль жолы бойынша қайта жаңарту және жобалау-іздестіру жұмыстары	2 222 501		
		Республикалық маңызы бар "Астана - Петропавл" автомобиль жолының "Боровое - Көкшетау - Петропавл - РФ шекарасы" транзиттік дәлізін қайта жаңарту және жобалау-іздестіру жұмыстары	3 788 833		
